

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІК  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
Занды тұлғаса (ғимрап мен қылдқа)е  
жемшілдектік (есемтік) тіркеу

19.03.04  
журнал  
бзп 180140017617  
зати 22938-1017- ЗКII

«БЕКІТІЛДІ»  
жалпы жиналыстың шешімімен  
2018 жылғы «7» қараша

Шығыс Қазақстан облысы  
бойынша заң консультанттарының  
палатасын  
**ЖАРҒЫСЫ**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Заң көмегін көрсетеу жөніндегі қызметті реттеу және өзінің мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Палатаның қағидалары мен стандарттарының, Кесіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауы бөлігінде олардың қызметін бақылау мақсатында құрылған, заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізілген, мүшелік шарттарында кемінде елу заң консультанттың біріктіретін, міндетті мүшелікке негізделген үйым «Шығыс Қазақстан облысы бойынша заң консультанттарың палатасы» (бұдан әрі – Палата) болып танылады.

2. Палата коммерциялық емес үйым болып табылады, меншігінде немесе жедел басқаруында оқшауланған мүлкі, дербес балансы немесе сметасы бар, заңнамада белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп алуды және жүзеге асыруы мүмкін; мемлекеттік және орыс тілдерінде үйымның толық атауы бар мөрі, мөртабаны және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасы (нышаны) бар; сотта талап қоюшы және жауапкер болуды мүмкін;

3. Палата заңдылық, оның мүшелерінің тең құқықтығы мен еркін ерік білдіруі, жариялылық, өзін-өзі басқару және ортақ қаржыландыру қағидаттары негізінде құрылады және әрекет етеді.

4. Палата өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы», «Коммерциялық емес үйымдар туралы», «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Зандарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Палатаның толық атауы: мемлекеттік тілде – Шығыс Қазақстан облысы бойынша заң консультанттарың палатасы, орыс тілінде – Палата юридических консультантов по Восточно-Казахстанской области.

6. Палатаның орналасқан жері: Шығыс-Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Бурова көшесі, 8, н/п 51.

## 2-тaraу. Палатаның қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері

7. Палатаның қызметінің мақсаты мен негізгі түрі жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында заң көмегін көрсетеу болып табылады.

8. Палата функциялары:

1) кесіптік мінез-құлық қағидалары мен Кесіптік әдеп кодексін белгілейді;

2) палата мүшелігіне қабылдау қағидалары мен шарттарын белгілейді;

3) үекілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсетеу стандарттарын, заң көмегі сапасының өлшемшарттарын белгілейді және палата мүшелерінің оларды орындаудың қамтамасыз етеді;

4) палата мүшелері беретін деректер негізінде, құпиялыштық туралы талаптарды есепке ала отырып, палата мүшелері көрсететін заң қызметтерінің алдыңғы кезең үшін қалыптастырылатын орташа құны туралы жиынтық-талдамалық ақпарат соңғы орналастырылған күннен бастап осы ақпараттың жылына кемінде бір рет өзінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етеді;

5) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібін белгілейді;

6) палатаның бекітілген стандарттарына сәйкес өз мүшелерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

7) заң консультанттары палатасының мүшелерін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

8) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда өз мүшелерінің мүдделерін білдіреді;

9) заң консультанттары палатасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

10) осы Заңның, Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін заң консультанттары палатасының мүшелерін жауаптылықта тарту туралы мәселелерді қарайды;

11) орта білімнен кейінгі, жоғары заң білім беру ұйымдары түлектерінің кәсіптік практиканан өтуін ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

12) практиканы қорытады және заң көмегін одан әрі жетілдіру мен дамыту жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді;

13) заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімін жүргізеді;

14) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9. Палата өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндегі ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

10. Қызметті үйлестіру, сондай-ақ мүдделерді білдіру және қорғау мақсатында қауымдастықтар құра алады.

### **3-тaraу. Палатаның құқықтары мен міндеттері**

11. Палата:

1) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін, олар өтініш білдірген жағдайда білдіруге және қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда олардың өкілдері болуға;

2) Палата мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін қабылданған заң көмегін көрсету мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

3) мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан Палатаның функцияларын орындауы үшін қажетті ақпаратты алуға;

4) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің сот арқылы дау айтуда жататын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотта шағым жасауға;

5) дауларды сотта және сотқа дейінгі шешүге, оның ішінде төрелікке қатысуға;

6) өз жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

7) Палата мүшелерін кәсіптік оқытууды және қайта даярлауды үйымдастыруға;

8) Палатаның қағидалары мен стандарттарын, әдеп нормаларын бекітуге;

9) Палата мүшелерін олардың заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының талаптарын, әдеп нормаларын, Палатаға мүше болу шарттарын сақтауы бөлігінде бақылауға;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында және Палатаның жарғысында көзделген ықпал ету шараларын өз мүшелеріне қатысты қолдануға құқылышы.

1) Палата:

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның жарғысын және өзі қабылдаған қағидалар мен стандарттарды сақтауға;

2) өкілеттіктері шегінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға;

3) мүшелерінің арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуға;

4) мүшелеріне ақшаның тұсуі және жұмсалуы туралы ақпарат беруге;

5) өз қызметінің және өз мүшелері қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етуге;

6) уәкілетті органмен және реттеуші мемлекеттік органмен міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген заң көмегін көрсету мәселелері бойынша әзірленетін қағидалар мен стандарттарды келісуге;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында, Палатаның жарғысында немесе Палата мүшелерінің жалпы жиналышының шешімімен бекітілген өзге де құжатта белгіленген тәртіппен, кейіннен реттеуші мемлекеттік органдарға бере отырып, өз мүшелерінің қызметіне олар өзін-өзі реттейтін үйымға есептер нысанында ұсынатын ақпараттың негізінде талдауды жүзеге асыруға;

8) мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, заң көмегін көрсету жөніндегі қағидалар мен стандарттарды бұзушылықтары, сондай-ақ Палата мүшелеріне қатысты қолданылған ықпал ету шаралары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында, Палатаның жарғысында немесе Палата мүшелерінің жалпы жиналышының шешімімен бекітілген өзге де

құжатта белгіленген тәртіппен реттеуші мемлекеттік органның назарына жеткізуге;

9) тоқсан сайын заң консультанттары палатасына мүшелерді енгізу, мүшелікті тоқтата тұру туралы және мүшеліктен шығару туралы ақпаратты үәкілдепті органға ұсынуға міндettі.

13. Палатаның штаттағы қызметкерлеріне еңбек, әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнама қолданылады.

#### **4-тaraу. Мүшелік, Палатаға мүшелікке қабылдау және оны жоғалту шарттары, тәртібі**

14. Заң консультанттары палатасына мүше етіп қабылдау осы Жарғының ережелері сақталғанда отырып жүзеге асырылады.

15. Азаматтық істер бойынша жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету түрінде заң көмегін жүзеге асыратын адамдар үшін заң консультанттары палатасына мүшелік міндettі болып табылады.

16. Жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, атtestаттаудан өткен, заң көмегін көрсететін жеке тұлға Палата мүшесі болып табылады.

17. Заң консультанттары палатасы палата мүшелеріне қойылатын қосымша талаптарды көздеуі мүмкін.

18. Атtestаттау Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін кешенді тестілеу түрінде жүргізіледі.

Заң консультанттары палатасына кіру үшін атtestаттау жүргізу тәртібі мен шарттарын заң консультанттары палатасы үәкілдепті органмен келісу бойынша айқындаиды.

19. Палатаға мүшелік атқарушы органға заң консультанттары палатасына мүшелікке қабылдау туралы жеке жазбаша өтініш берумен ресімделеді. Өтініште азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетілуге тиіс, егер өтініш беретін адам заңды тұлғамен еңбек қатынастарында тұrsa, онда қосымша заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері мен банктік деректемелері көрсетіледі.

20. Үміткер заң консультанттары палатасына кіру үшін:

- 1) жоғары заң білімі туралы құжатты;
- 2) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығының жоқтығы туралы анықтаманы;

- 3) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар екенін растайтын құжаттарды;

- 4) атtestаттау нәтижелерін ұсынады.

21. Палата мүшелеріне қабылдау туралы шешімді Палатаның алқалы басқару органы қабылдайды.

22. Палатадан шығу ерікті түрде, жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асырылады.

23. Палатаға мүшелікті жоғалту мынадай:

1) Палата мүшесі болып табылатын азамат қайтыс болған, ол қайтыс болды деп жарияланған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылған;

2) Палата таратылған;

3) заң консультанттары палаталарының тізілімінен алып тастау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларында жүргізіледі.

24. Палата мүшесі Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Палатаның қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғанына орай, сондай-ақ осы жарғының талаптарын бұзған жағдайда ол шығарылып тасталуы мүмкін.

25. Палата мүшелері тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Палата мүшелерінің Палатаға өздері берген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Егер Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, олар мүшелері ретінде қатысатын Палатаның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Палаталар өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

27. Палата мүшелерінің:

1) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен үйымдарда білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде, заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинауға, сондай-ақ оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсынуға;

4) процестік құжаттарды, сот істерін қоса алғанда, заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты заңдарда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркең алуға;

5) заң көмегін көрсетуге байланысты туындаитын және ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

6) мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің көмек сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеуге, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіруге;

7) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

8) татуластыру рәсімдерін жүргізуге;

9) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге;

10) Палата мүшелерінің жалпы жиналышына қатысу арқылы Палата қызметінің мәселері бойынша өз ұсыныстарын енгізуге;

11) Палата органдарына сайлауға және сайлануға;

12) Палата қызметі туралы ақпаратты алуға;

13) Палатаның акцияларына қатысуга;

14) қосымша қаражат енгізуге және Палатаның іс-шараларын өткізуде әдістемелік көмек көрсетуге құқығы бар.

28. Палата мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы қолданыстағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауға;

2) заң консультанттары палатасы белгілеген Кәсіптік әдеп кодексінің қағидаларын сақтауға, сондай-ақ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жарналарды төлеуге;

3) кәсіптік қызметте заң көмегін көрсету қағидаттарын басшылыққа алуға;

4) соттарда тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету түрінде заң көмегін көрсету үшін заң консультанттары палаталарының бірінің мүшесі болуға;

5) клиентке заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан өзінің заң көмегін көрсетуге қатыса алмайтыны туралы хабарлауға;

6) заң көмегін көрсету кезінде клиенттен және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

7) клиенттің талап етуі бойынша заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартының қөшірмесін ұсынуға;

8) клиенттің талап етуі бойынша, өзі мүшесі болып табылатын заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінен үзінді-көшірме ұсынуға;

9) егер клиент бұған қарсы болмаса, клиентпен қупия ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға;

10) клиенттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған нақты мән-жайларды анықтау бойынша заңда тыйым салынбаған кез келген әрекеттерді орындауға;

11) заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттардың қөшірмелерін заң көмегін көрсету аяқталған күннен бастап үш жыл бойы қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық құжаттар нысанында клиенттің талап етуі бойынша сақтауға;

12) өзінің біліктілігін ұдайы арттырып отыруға;

13) кәсіптік жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті.

**5-тарау. Палатаны басқару органдарын қалыптастыру тәртібі, құзыреттері және өкілеттіктерінің мерзімі**

29. Палатаны басқару және бақылау органдары мыналар болып табылады:

1) Палатаны басқарудың жоғары органы – Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналышы;

2) Алқалы басқару органы - Басқарма;

3) Атқарушы басқару органы – Палата Төрағасы;

4) Бақылау органы - Ревизиялық комиссия.

30. Палатаның басқару және бақылау органдары заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша орналасады.

31. Палата мүшелерінің жалпы жиналыштары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

32. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналышын өткізу уақытын, орнын, сондай-ақ ұсынылатын күн тәртібінің сұрақтарын атқарушы орган айқындейді.

33. Кезекті жиналышты жыл сайын Палата Төрағасы шақырады.

34. Жиналышты шақыру күні, ұсынылатын күн тәртібі туралы Палата Төрағасы қатысушыларға жиналышты шақыру күніне дейін 10 күнтізбе күн бұрын хабарлайды. Хабарламада жиналышты өткізу уақыты мен орны, сондай-ақ көзделген күн тәртібі көрсетіледі. Палатаның барлық қатысушылары немесе олардың өкілдері тіркелген, хабардар болған және әшyқ жиналыштың уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда, жиналыс хабарланған уақыттан бұрын өткізілмейді.

35. Жалпы жиналышқа Палата мүшелерінің не тиісінше ресімделген өкілеттіктері бар олардың өкілдерінің кемінде үштен бірі қатысқан жағдайда бұл жиналыш заңды болып есептеледі.

36. Жалпы жиналышта Палата мүшелерінің қажетті саны болмаған жағдайда жалпы жиналышы қайта шақырылуға жатады. Қайта шақыру кезінде Палата қатысушыларының белгілі бір саны жиналышқа қатысқан кезде ол заңды болып есептеледі.

37. Қайталама жалпы жиналыштың күн тәртібі болатын жалпы жиналыштың күн тәртібінен өзгеше болмауға тиіс.

38. Жиналыштың жұмыс регламенті, күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер мен ұсыныстар қатысушы Палата мүшелерінің жай көпшілігімен қабылдайды, әрбір қатысушы Палата мүшесі бір шешуші дауысқа ие болады.

39. Палата мүшелерінің жалпы жиналышының шешімдері ашық дауыс беру арқылы қатысатын мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Жалпы жиналышта Палатаның әрбір мүшесінің бір дауысы бар.

40. Жалпы жиналыштың кезектен тыс шақырылымы Палата Төрағасының, Басқармасының шешімі бойынша немесе Палата мүшелерінің 1/3 бөлігінің талабы бойынша жүргізіледі.

41. Палата мүшелерінің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне мыналар:

- 1) Палата жарғысын қабылдау, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;
  - 2) Палатаның қағидалары мен стандарттарын бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;
  - 3) Палатаның мамандандырылған органдарын құру, олар туралы ережелерді және олардың қызметін жүзеге асыруы қағидаларын бекіту;
  - 4) Палата Төрағасын және алқалы орган мүшелерін сайлау, көрсетілген органның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе басшының не оның жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 5) Палата төрағасының атқарушы басқару органының функцияларын жүзеге асыратын адамдарын лауазымға тағайындау, оларды лауазымынан мерзімінен бұрын босату, тиісінше атқарушы басқару органын құру және оның өкілеттіктерін тоқтату;
  - 6) Палата жарғысында белгіленген тәртіппен Палатаның бақылау органының (ревизиялық комиссияның) мүшелерін сайлау;
  - 7) Палатаның тәртіп комиссиясы туралы ережені бекіту;
  - 8) ықпал ету шараларын, оларды қолдану тәртібі мен негіздерін, Палата мүшелерінің Палата қағидалары мен стандарттарының талаптарын бұзғаны туралы істерді қарau тәртібін, Палатаға мүше болу шарттарын бекіту;
  - 9) Палата қызметінің басым бағыттарын, оның мүлкін қалыптастыру мен пайдалану қағидаттарын айқындау;
  - 10) алқалы басқару органының, атқарушы басқару органының, бақылау органының (ревизиялық комиссияның) және мамандандырылған органдардың есептерін Палатаның жарғысында белгіленген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімділікпен бекіту;
  - 11) Палата бюджетін бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Палатаның жылдық қаржы есептілігін бекіту;
  - 12) Палатаны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімді қабылдау, таратушыны немесе тарау комиссиясын тағайындау;
  - 13) адамдардың өтініштерін Палата мүшелерінен шығарып тастаудың негіzsіздігіне қарau;
  - 14) Палатаның қағидалары мен стандарттарын бекіту;
  - 15) Палатаның бухгалтерлік есебін және қаржы есептілігін жүргізуді тексеруді аудиторлық ұйымды тағайындау;
  - 16) Қазақстан Республикасының зандарына және Палата жарғысына сәйкес өзге де шешімдер қабылдау жатады.
42. Палата мүшелерінің жалпы жиналышы Палата қызметіне қатысты кез келген басқа мәселені қарau үшін қабылдауға құқылы.
43. Палатаның алқалы органы кемінде үш адамнан құрылуға тиіс, олар Палата мүшелерінің жалпы жиналасымен үш жыл мерзімге сайланады.
- Басқарма шешімдері жай көпшілік дауыспен қабылданады. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы бар.
44. Палата Басқармасының құзыреті:

1) Палатаның атқарушы басқару органының қызметін тексерулерді өткізу туралы шешімдер қабылдайды;

2) Палатаның атқарушы басқару органының лауазымына тағайындау және лауазымынан босату үшін кандидатты не кандидаттарды Палата мүшелерінің жалпы жиналысына ұсынады;

3) Палата құрған төреліктे өтініштері бойынша қаралатын дауларға қатысушылардың таңдауы үшін, кандидатуралары төрешілер ретінде ұсынылуы мүмкін адамдардың тізбесін бекіту;

4) заң консультанттарының кәсіптік даярлық тәртібі мен нысандары, біліктілігін арттыру туралы ережені бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Палата Жарғысында көзделген негіздер бойынша Палата мүшелеріне кіру немесе Палата мүшелерінен шығу туралы шешімдер қабылдайды.

45. Палата төрағасы Палатаның жоғары лауазымды адамы болып табылады, атқарушы органды басқарады және бүкіл қаржы жылы ішінде оның қызметі үшін дербес жауапты болады. Палата мүшелеріне есеп береді және жалпы жиналыстарда қабылданған шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Палата төрағасы ретінде Палата мүшелерінің қатарынан жеке тұлғағана болуы мүмкін. Палата төрағасымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

Палата төрағасы жалпы жиналыспен екі жылға сайланады, сол мерзімге қайта сайлануға құқылы.

46. Палатаның атқарушы басқару органының құзыреті:

1) жыл сайынғы кірістер-шығыстар сметасын, есептерді дайындау, Палатаның шаруашылық қызметінің жедел, статистикалық және бухгалтерлік есебін жүргізу;

2) жалпы жиналысты өткізу орны мен уақытын айқындау;

3) жиналыс шешімдерінің орындалуын тексеруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

4) бекітілген кірістер мен шығыстар сметасы шеңберінде Палата қаражатына билік ету;

5) осы Жарғыда жалпы жиналыстың құзыретіне жатқызылмаған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыру.

47. Палатаның атқарушы басқару органы:

1) барлық мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен кәсіпорындарда Палатаның мүдделерін білдіруге;

2) Палатаның атынан сенімхатсыз әрекет етуге;

3) сенімхаттар беруге;

4) банктерде есеп айырысу және өзге де шоттарды ашуға;

5) шарттарды, келісімдер мен келісімшарттарды, оның ішінде еңбек шарттарын, келісімдер мен келісімшарттарын жасауға және бұзуға;

6) Палата қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және одан шығаруға, сондай-ақ оларды ауыстыру туралы бұйрықтар шығаруға, еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындауға, лауазымдық айлықақы мен дербес ұстемақылар мөлшерін

белгілеуге, сыйлықақы беру мәселелерін шешуге, көтермелеген және тәртіптік жаза қолдану шараларын қолдануға;

7) өкілеттіктер тоқтатылатын күнге дейін құнтізбелік бір ай бұрын Палатаның жалпы жиналасына бұл туралы хабарлап, өзіне қабылдаған Палата тәрағасының міндеттерін атқарудан мерзімінен бұрын кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

48. Палатаның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Палата мүшелерінің жалпы жиналысы үш жыл мерзімге сайлайтын Ревизиялық комиссия жүзеге асырады.

49. Палата тәрағасы мен ревизиялық комиссия құрамын қайта сайлау Палата мүшелерінің ұсынысы бойынша Палатаның кез келген кезектен тыс) жалпы жиналысында жүзеге асырылуы мүмкін.

50. Ревизиялық комиссия Палатаның лауазымды адамдарынан барлық қажетті бухгалтерлік, қаржылық және басқа да құжаттарды, сондай-ақ Палата қызметінің мәселелері бойынша жеке түсіндірмелерді талап етуге құқылы.

51. Қаржы жылы ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейін болып белгіленеді. Бухгалтерлік есеп пен есептілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

52. Ревизиялық комиссияның талабы бойынша Палатаның кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылуы мүмкін.

## **6-тaraу. Палата Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

53. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатады.

54. Палатаның Жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды Палата мүшелерінің жалпы жиналысының қарауына Басқарма шығарады немесе Палата мүшелерінің кемінде 1/3 бөлігінің талабы бойынша шығарылады.

55. Палатаның Жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі шешімді Палата мүшелерінің жалпы жиналысы төрттен үш көпшілік дауыспен қабылданады.

## **7-тaraу. Каражатты, мұлікті қалыптастыру көзі**

56. Палатаның қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдалануында немесе меншігінде ғимараттар, құрылымдар, жабдық, құрал-сайман, ақша, сондай-ақ Палатаның қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де мұлік болуы мүмкін.

57. Палатаға және оның құрылымдық бөлімшелеріне берілген мұлік Палатаның меншігі болып табылады. Палата мүшелерінің Палата мүлкіне мұліктік құқықтары жоқ. Олар бірлестік пен оның құрылымдық бөлімшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

58. Палатаның мүлкін қалыптастыру көздері мыналар:

1) Палата мүшелерінің міндетті жарналары;

2) еркін мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;

3) кәсіпкерлік қызметке, Палатаның коммерциялық немесе кәсіптік мүдделеріне байланысты білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат;

4) кәсіпкерлік қызметке, Палатаның коммерциялық немесе кәсіптік мүдделеріне байланысты ақпараттық материалдарды сатудан алынған қаражат;

5) заңда тыйым салынбаған басқа да түсімдер болып табылады.

59. Заң консультанттары палатасында жыл сайынғы мүшелік жарналар белгіленеді.

Жыл сайынғы мүшелік жарналардың мөлшері тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он бес еселенген мөлшерінен кем емес және жетпіс бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерді құрауга тиіс.

Нысаналы пайдалану тәртібі, сондай-ақ өз мүшелеріне ақшаның тусуі мен жұмсалуы туралы хабарлау жыл сайын есептік жиналыстарда жүзеге асырылады.

60. Палатаның ақша қаражаты оның мүшелері арасында қайта бөлінуі мүмкін және жарғылық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін ғана пайдаланылады.

#### **8-тaraу. Палатаны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі**

61. Палатаны қайта ұйымдастыру (бірігу, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) жалпы жиналыстың шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Палатаны қайта ұйымдастыру Палатаға тиесілі құқықтар мен міндеттердің оның құқық мирасқорларына ауысуына әкеледі.

62. Палатаны тарату:

1) Палатаның жалпы жиналысының шешімі бойынша;

2) сот шешімі бойынша.

63. Тарату туралы шешім жалпы жиналыста қайта ұйымдастыру туралы шешім сияқты тәртіппен қабылданады.

64. Палата таратуды жалпы жиналыс немесе сот тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған заңды тұлғаның мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер көшеді. Тарату комиссиясы Палатаның мүлкін бағалайды, дебиторлар мен кредиторларды анықтайды, Палата борыштарын үшінші тұлғаларға төлеу үшін шаралар қолданады, тарату балансын жасайды және оны Палата мүшелерінің жалпы жиналысына ұсынады. Тарату комиссиясы таратылатын заңды тұлғаның атынан сотта әрекет етеді.

65. Палатаны тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімде жүргізіледі.

66. Міндетті мүшелікке негізделген Палатаны таратылған жағдайда, оның мүшелері үш ай ішінде міндетті мүшелікке негізделген басқа Палатаға кіру жарнасын төлеумей кіруге міндетті.

67. Таратылған Палатаның мұлкі мен қаражаты кредиторлармен есеп айырысадан кейін осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарға беріледі.

68. Палатаны тарату Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне бұл туралы жазба енгізілгеннен кейін аяқталған болып есептеледі.

**«УТВЕРЖДЕН»  
решением общего собрания  
«7» ноября 2018 года**

## **УСТАВ**

# **Палаты юридических консультантов по Восточно-Казахстанской области**

## **Глава 1. Общие положения**

1. «Палатой юридических консультантов по Восточно-Казахстанской области» (далее – Палата) является, основанная на обязательном членстве организация, созданная в целях регулирования деятельности по оказанию юридической помощи и контроля за деятельностью своих членов в части соблюдения ими требований законодательства Республики Казахстан об адвокатской деятельности и юридической помощи, правил и стандартов Палаты, Кодекса профессиональной этики, включенная в реестр палат юридических консультантов, объединяющая на условиях членства не менее пятидесяти юридических консультантов.

2. Палата является некоммерческой организацией, имеет в собственности или в оперативном управлении обособленное имущество, самостоятельный баланс или смету; может открывать счета в банках в установленном законодательством порядке; может приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права; имеет печать, штампы и бланки с полным наименованием организации на государственном и русском языках, а также эмблему (символику), зарегистрированную в установленном порядке; быть истцом и ответчиком в суде.

3. Палата образуется и действует на принципах законности, равноправия и добровольного волеизъявления его членов, гласности, самоуправления и самофинансирования.

4. В своей деятельности Палата руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи», «О некоммерческих организациях», «О саморегулировании», и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.

5. Полное наименование Палаты: на государственном – Шығыс Қазақстан облысы бойынша заң консультанттарың палатасы; на русском языке – Палата юридических консультантов по Восточно-Казахстанской области;

6. Местонахождение Палаты: Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Бурова, 8, н/п 51.

## **Глава 2. Цели и основные виды деятельности Палаты**

7. Целью и основным видом деятельности Палаты являются оказания юридической помощи в целях защиты прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц.

8. Функции Палаты:

- 1) устанавливает правила профессионального поведения и Кодекс профессиональной этики;
- 2) устанавливает правила и условия приема в члены палаты;

3) устанавливает по согласованию с уполномоченным органом стандарты оказания юридической помощи, критерии качества юридической помощи и обеспечивает их исполнение членами палаты;

4) обеспечивает размещение не реже одного раза в год на своем интернет-ресурсе сводно-аналитической информации о формируемой средней стоимости оказываемых членами палаты юридических услуг за предыдущий период, начиная с даты последнего размещения данной информации, на основании данных, предоставляемых членами палаты, с учетом требований о конфиденциальности;

5) устанавливает объем и порядок оказания комплексной социальной юридической помощи;

6) обеспечивает повышение квалификации своих членов в соответствии с утвержденными стандартами палаты;

7) организует информационное и методическое обеспечение членов палаты юридических консультантов;

8) представляет интересы своих членов в государственных органах, негосударственных организациях, в том числе иностранных и международных;

9) осуществляет контроль за соблюдением членами палаты юридических консультантов требований законодательства Республики Казахстан об адвокатской деятельности и юридической помощи, правил и стандартов оказания юридической помощи, Кодекса профессиональной этики;

10) рассматривает вопросы о привлечении членов палаты юридических консультантов к ответственности за нарушение требований настоящего Закона, законодательства Республики Казахстан об адвокатской деятельности и юридической помощи, правил и стандартов оказания юридической помощи, Кодекса профессиональной этики;

11) содействует организации прохождения профессиональной практики выпускниками организаций после среднего, высшего юридического образования;

12) обобщает практику и вырабатывает рекомендации и предложения по дальнейшему совершенствованию и развитию юридической помощи;

13) ведет реестр членов палаты юридических консультантов;

14) осуществляет иные функции, установленные Законом Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи», законодательством Республики Казахстан настоящим Уставом.

9. Палата занимается предпринимательской деятельностью лишь постольку, поскольку это соответствует ее уставным целям.

10. Палата в целях координации деятельности, а также представления и защиты интересов может создавать ассоциации.

### **Глава 3. Права и обязанности Палаты**

11. Палата вправе:

1) представлять и защищать права и интересы своих членов, а также быть их представителями во взаимоотношениях с государственными органами, физическими и юридическими лицами в случае их обращения;

2) вносить предложения в государственные органы по принятым нормативным правовым актам, ущемляющим права и законные интересы членов Палаты;

3) получать в центральных и местных органах государственной власти и органах местного самоуправления информацию, необходимую для выполнения функций Палаты, в порядке установленном законодательством Республики Казахстан, за исключением сведений, составляющих государственные секреты, коммерческую и иную охраняемую законом тайну.

4) обжаловать в суде решения, действия (бездействие) государственных органов, органов местного самоуправления, общественных объединений, организаций, должностных лиц, государственных служащих, подлежащие судебному оспариванию;

5) участвовать в судебном и досудебном разрешении споров, в том числе в арбитраже;

6) освещать свою работу в средствах массовой информации;

7) организовать проведение профессиональной учебы и переподготовки членов Палаты;

8) утверждать правила и стандарты Палаты;

9) контролировать членов Палаты в части соблюдения ими требований правил и стандартов оказания юридической помощи, условий членства в Палаты;

10) применять меры воздействия, предусмотренные законами Республики Казахстан и уставом Палаты, относительно своих членов.

12. Палата обязана:

1) соблюдать законодательство Республики Казахстан, устав Палаты и принятые ею правила и стандарты;

2) в пределах своих полномочий принимать меры по недопущению нарушения прав и законных интересов физических и юридических лиц;

3) проводить разъяснительную работу среди членов по повышению их правовой грамотности;

4) информировать членов о поступлении и расходовании денег;

5) обеспечивать информационную прозрачность своей деятельности и деятельности своих членов;

6) согласовывать с уполномоченным органом и регулирующим государственным органом разрабатываемые правила и стандарты по вопросам оказания юридической помощи, основанного на обязательном членстве (участии);

7) осуществлять анализ деятельности своих членов на основании информации, предоставляемой ими в Палату в форме отчетов, с последующим предоставлением в регулирующие государственные органы в порядке, установленном законами Республики Казахстан, уставом Палаты или иным документом, утвержденным решением общего собрания членов Палаты;

8) доводить до сведения регулирующего государственного органа информацию о нарушениях ее членом законодательства Республики Казахстан, правил и стандартов по оказанию юридической помощи, а также мерах

